

Бекітілді:

«Нұрай» жеке балабақшасы
меңгерушісі Джумашева Қ Б
№1 Педагогикалық кеңес
«30» тамыз 2024 жыл

**«Нұрай» жеке балабақшасы педагог-психологының 2024-2025 оқу жылына
арналған дарынды балалармен жұмыс жоспары**

Педагог-психолог: Аябалиев Д К

Түсінік хат

Еліміздің білім беру жүйесіндегі реформа жас ұрпақтың әрқайсысының жеке тұлға ретінде қалыптасуында маңызды мәселелерді шешудің түрлі жолдарын қарастыруды көздейді.

Баланың санасында қалыптасқан түсініктер мен психикалық таным процестерінің көрінісін, сипатын әңгіме түрінде, не суреттерге қарап сөзбен баяндауына бағыт беріліп, бақылау жасалады. Жаттығуларды орындауда балаларға қиындықтар кездесе қайтадан түсіндіріп, орындалу барысына көмектесу қажет. Педагогикалық–психологиялық процестер барысында баланың көңіл-күйін анықтап, психологиялық мотивтерді туындатып, жағымды мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру көзделді. Психологиялық жаттығулар баланың үлкендермен және құрбыларымен қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеп, өз пікірлерін айтып жеткізе білуге баулиды.

Психологиялық дамудың маңызды жағын баланың бойындағы психологиялық үрдісімен ерік сапаларының, қабылдаудың, зейіннің, қиялдаудың, есте сақтаудың, ойлаудың, сөйлеудің, сезімдердің қабілеттеріне қарай анықтау.

Баланың мектепке дайындығын байқауда танымдық процестері (қабылдау, ес, ойлау, зейін, қиял т.б) мен әрекеттердің даму дәрежесінің, оның ынтасының даму ерекшеліктерінің шешуші маңызы бар.

Психологиялық қызмет жұмысының негізгі бағыттары:

Психоадаптация:

Мақсаты: тұлғаның жаңа ортаға бейімделуіне көмектесу – балабақшаға алғаш келген баланың жаңа ортаға үйренуі, күн тәртібіне бейімделу сонымен қатар ата-анасына балабақшаға өмірін таныстыра отырып, психологиялық көмек көрсету.

Психологиялық диагностика:

Мақсаты: тұлғаның жеке және жас ерекшелігін, тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу. Әрбір балаға психологиялық-педагогикалық диагноз жасау.

Психокоррекция және дамыту:

Мақсаты: тұлғаның психологиялық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту.

Психопрофилактикалық жұмыс

Мақсаты: тұлғаның психологиялық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау. Бұл – балалармен, ата-аналармен, педагогтармен және ұжымның барлық мүшелерімен алдын-ала жүргізілетін жұмыс түрі. Бұнда жүргізілген жұмыс нәтижесіне байланысты кеңестер мен ұсынбалар беріледі.

Психологиялық кеңес:

Мақсаты: педагогикалық үрдіске қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу.

Мақсаты: Көркем-бейнелеу, музыкалық, әдеби, әртістік, техникалық, көшбасшылық, зияткерлік дарындылығын дамытуға бағытталған мектеп жасына дейінгі дарынды балалармен жұмыстар жүргізуге жағдай туғызу.

Міндеттері:

1. Дарынды балаларды жан-жақты, эмоциялық және әлеуметтік дамытуға ықпал ететін жағымды заттық - кеңістіктік дамытушы орта құру.
2. Дарынды балалалармен жұмыстар ұйымдастыру және жүргізу.
3. Мектеп жасына дейінгі балалар дарындылығын диагностикалау.
4. Дарынды балалаларға психологиялық-педагогикалық қолдау жасау.
5. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық қызметкерлері мен ата-аналардың бірлескен қызметтерін ұйымдастыру.

Дарынды балалармен жүргізілетін жеке жұмыс жоспары

№	Жұмыс түрі	Мерзімі
1	Дайындық кезеңі Топ балаларын бақылау Дарынды баланы анықтау Тізімін құру, жоспарын бекіту	Қыркүйек айы
2	Көркем-бейнелеу дарындылығы «Сиқырлы жапырақтар» жапырақтардан композиция құрастыру. «Түрлі түсті кемпірқосақ» фальгамен жұмыс «Түрлі түсті әлем» тренинг Дарынды балалардың ата-аналарына кеңес	Қазан айы
3	Музыкалық дарындылығы «Музыкалық аспаптар» аспаптармен танысу. «Музыкалық аспаппен тренингтар мен ойындар» Релаксация «Күзгі ертегі» музыка терапиясы	Қараша айы
4	Әдеби дарындылығы «Қыс келді, алақай!» сурет бойынша әңгіме құрастыру. «Қазақ ақындарымен таныстыру» «Менің елім Қазақстан» тақырыбында өлеңдер жаттау және құрастыру.	Желтоқсан айы
5	Өртістік дарындылығы «Сезімдер мен эмоциялар» тренинг «Жануарлардың дауысын салу» «Қоянның құлағы неге ұзын?» ертегісін сахналау Дарынды балалардың ата-аналарына сауалнама	Қаңтар айы
6	Техникалық дарындылығы «Қысқы көрініс» қатты қағаздардан құрастыру. «Электровикторинамен» жұмыс жасау «Оқушылар сарайына» саяхат. «Тапқыр, балақай» компьютерлік сайыс.	Ақпан айы
7	Көшбасшылық дарындылығы «Көшбасшы деген сөздің мағынасын түсіндіру, таныстыру» «Көшбасшы баланы анықтау» «Рахмет, сізге» акциясы. «Менің достарым» қарым-қатынасты нығайтуға арналған тренинг.	Наурыз айы
8	Зияткерлік дарындылығы «Кітап -біздің досымыз» марафон «Байқампаз, балақай» шарасы	Сәуір айы
9	Қорытынды кезең Дарынды балаларды диагностикадан өткізу. Жетістіктер мониторингі Дарынды балалармен жұмыс нәтижесі, жылдық есеп	Мамыр айы

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасындағы «Білім туралы» заңы 2007 ж.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2020 ж 3-тамыз №348
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» ҚР БЖҒМ2016ж 12-тамыз №499
4. «Мектепке дейінгі ұйымның педагог-психологтарына арналған әдістемелік көмекші құрал» №35 МдҰ педагог-психологы Нургалиева Г.Е, №34 МдҰ педагог-психологы Каримова З.Қ, №2 МдҰ педагог-психологы Айткалиева Г.М, №41 МдҰ педагог-психологы, Туякова Ж.И, №29 МдҰ педагог-психологы Гатауова Т.Х іс-тәжірбиелерінен.
5. «Цветик-Семицветик» Куражева Н.Ю
6. «Ведение документации педагог-психолога детской дошкольной организации» Едильбаева Б.А
7. «Занятия по психогимнастике с дошкольниками» Алябьева Е.А
8. «Дошкольные образовательные учреждения диагностическая и методическая работа» Никишина И.В.
9. «Психологиялық диагностика» Р.Б.Доскалиева
10. «Настольная книга детского психолога» Загорная Е.В
11. «Психологические занятия с дошкольниками» Вараева Н.В
12. «Психологическая консультация» Р.С.Немов
13. «Балалық шақ әлемі» Қ.Ш.Шамұратова
14. «Лучшие советы для родители» Мадлен Дени
15. «Ваш беспокойный ребенок» Байяр Р.Т, Байярд Дж.